

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

ӘОЖ 070:81'373.2(574)

Қ.Д.Асанов, Ж.Ж.Еркін

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Kamashke64@inbox.ru)*

Сөз өнерін меңгеру — болашақ журналистер үшін басты міндет

Мақалада болашақ журналистерді сөз өнеріне баулудың теориялық және тәжірибелік негіздері қарастырылған. Бүгінгі БАҚ-тағы журналистердің сөйлеу мәдениеті мен жазу сауаттылығы туралы нақты мысалдар келтіріліп, сөз (тіл) өнерінің маңыздылығына ғылыми пайымдаулар жасалды. Сондай-ақ жазба тіл (баспасөз) мен ауызекі сөйлеу тілінің (телерадио) лингвистикалық заңдылықтары сөз болып, олардың болашақ журналистер үшін қажеттілігі айқындалды.

Кілт сөздер: сөз өнері, сөйлеу мәдениеті, әдеби тіл, баспасөз, теледидар, радио, сауаттылық, орфографиялық ереже, бейпіл сөздер, диалект сөздер.

Бүгінгі БАҚ-ның тіл тазалығы қандай дәрежеде? Бұл сауал зиялы қауым мен зерттеуші-ғалымдарымызды көптен бері толғандырып келе жатқан мәселе. Кез келген елдің сөйлеу (тіл) мәдениетінің ажарлы, айшықты, шұрайлы болуы сол халықтың жазу-сызу өнерімен, яғни әдебиеті, баспасөзімен, тікелей байланысты.

Бұл мәселе өткен ХХ ғасырда да өзекті проблема ретінде ұлт тілінің жанашырларын үнемі толғандырып отырған. Белгілі ғалым Әсет Болғанбаев «Тіл және шеберлік» атты мақаласында ана тіліне деген журналист жауапкершілігі туралы төмендегідей толғамды ойлар айтқан: «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді деген. Әрбір көз ашып, дүниеге келген нәрестенің бойындағы барлық жақсы қасиеті анадан тараған. Ана мен тіл — бөлінбес бір дүние. Мұны бөліп-жарып, ажыратып қарауға еш болмайды. Ана тілі — өлмес мұра, жоғалмас асыл мүлік. Әр ұрпақ өз ана тілін байытып, жетілдіріп бірден-бірге мирас етіп қалдыру — бәрімізге ортақ парыз. Әр адамның ана тіліне деген қамқорлығы, жанашырлығы, қосқан үлесі, тигізер пайдасы күнделікті сөйлеген өз сөзіне, жазған төл туындысына соншалықты жауапты да ұқыпты қараудан басталады. Демек, әр адам жөргегінен үйренген тілге өле-өлгенше жауапты деген сөз.

Бұл тіл бүгінде сөз байлығы молайған, құрылым-құрылысы жүйеленген, жазу ережелері орныққан, стильдік тармақтары сараланып жетілген, ауызша да, жазбаша түрде де жалпыға бірдей қызмет ететін ұлттық жазба әдеби тіл деген сипат алып отыр. Демек, бұдан былай өз ана тілімізді қалай пайдаланып, қалай дамытамыз десек, бізде барлық мүмкіндіктер жасалған. Бұл ретте журналистер қауымына түсер ауыр салмақ, артылар аманат ерекше болмақ» [1].

Өткен ғасырдың 80-жж. айтылған бұл пікірдің көкейкестілігі ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында да өз қуатын жоғалтпағандығын уақыт көрсетіп отыр. Журналистер қауымына түсер «ауыр салмақ» пен артылар «аманатқа» бүгінгі бұқаралық ақпарат өкілдері лайықты қызмет атқарып жүр ме?

Міне, мәселенің негізгі мәнісін де осы сұрақ төңірегінде өрбітіп, сараласак, шешімі күрделі біраз жайттарға қанығарымыз анық.

Біріншіден, ел тәуелсіздігімен бірге келген сөз бостандығы, ой еркіндігі республикамыздағы бұқаралық ақпарат құралдары санының күрт өсуіне алып келді.

Әрине, кешегі кеңестік дәуірдегі санаулы газет-журнал, телерадионың саны өсіп, бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтеп жатса, оны неге қолдамасқа? Бірақ, бір өкініштісі, бұқаралық

ақпарат құралдары саны өскенімен, сапасының тым құлдырап кетуі еді. Ұлттық журналистика мамандарын даярлайтын бірден-бір оқу орны ҚазМУ-дың түлектері бүкіл республика көлемін қамтып, жұмыс істеуіне сандық тұрғыдан да, әлеуметтік-тұрмыстық себептерден де дәл сол уақытта мүмкіншілігі болмады. Әр облыс, қала мен шағын кенттерде ашылған ақпарат көздерінде журналистикадан хабары жоқ басқа маман иелері жұмысқа қабылданып жатты. Бұл мамандардың көпшілігі ұлттық тілдің уызына жарымаған, әдебиет пен өнерден мақұрым нағыз «асфальтта» өскен азаматтар еді. Сол мамандардың журналистикаға бойлары үйренгені соншалық, қазір кейбіреулері жетекшілік, яғни, редакторлық, директорлық қызметтерге дейін өсіп, көтеріліп алған. Міне, сапаның күрт төмендеуінің басты себептерінің бірі осы.

Екіншіден, кешегі кеңестік дәуірдегі ұлттық тілдің өгейлікке ұшырап келуі де ана тіліміздің белгілі дәрежеде өркендеуіне тосқауыл болды.

Дей тұрсақта, сол дәуірдің студенттері, яғни ауылдан келген жастар жоғары оқу орындарына мол қазынамен келетін. Ол қазыналары қазақ әдебиетін, яғни көркем шығармалардан, ауыз әдебиеті үлгілерінен, мол хабардар болатын. Ал, ол дегеніңіз — тіл байлығының, мәдениетті сөйлеп, жүйелі ойлаудың негізгі қайнар көзі еді. Біз қазіргі кезде сол қазынадан да айырылып қалдық.

Бұлай деп пікір айтуымызға төмендегідей мәселелер себеп болып отыр. «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «БАҚ тілі, стилі» сияқты пәндерден дәріс бере жүріп, көзіміздің анық жеткендігі — қазіргі студенттердің тілінің өте жұтаңдығы. Тіл байлығының жұтаңдығы, сөздік қордың тұрмыстық деңгейден аса алмауы — болашақ журналистер үшін аса үлкен қауіп. Тіл жөнінде жоғарыда айтқан санаға түсер салмақ пен арға артар аманатты осы деңгейдегі жастарымыз болашақта қалай алып жүрмек?!

Тағы да сол тіл жанашыры, көрнекті ғалым Ә. Болғанбаевтың пікіріне жүгініп көрелік: «Журналист еңбегінің қыр сыры өте көп, оларға қойылар талап пен талғам да жеткілікті. Біз солардың ішіндегі бір ғана мәселені – насихат құралының тілі мен стилін, жазу мәдениетін көтеруді сөз етпекшіміз. Ана тіліне деген журналистің жауапкершілігі бүгінгі әдеби тілдің зор мүддесінен тұмақ.

Бүгінгі әдеби тіл жетілген, есейген білімдер қауымның қатынас құралы екендігі даусыз. Сондықтан қазіргі оқырмандардың тіл мен стильге деген мұқтажы да анағұрлым арта түспек. Ол да заман талабына сай бүршік атып, көктеп гүлденуі керек, өркен жайып, мәуелеп өсуі қажет. Әрбір жазылған мақаладағы айтылмақ ойдың қалай баяндалуына, оның сұлу сөзбен бейнеленген мәдениетіне қатты көңіл бөлінбек» [2].

Әр халықтың тілі сол халықпен бірге жасап, әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси жағдайларға бейімделіп дамып, өсіп, жаңарып отыруы табиғи заңдылық. Тілдің тоқырауы, ұлттық сана, ой сезімнің күйреуіне алып келеді. Бүгінгі БАҚ-та істейтін көптеген журналистердің «орысша ойлап, қазақша сөйлеуі» жақсы нышан емес. Бұл көрініс әсіресе өздерін тәуелсіз арна, коммерциялық баспасөз санайтын ақпарат салаларында жиі байқалады.

Айтылған проблемалардың алдын алудың негізгі шарты тағы да ақпарат көздерінде қызмет істейтін мамандардың сөйлеу, жазу тілдерінің мейлінше сапалы болуына келіп саяды. Журналист өзі үшін сөйлеп (жазып) немесе өзі үшін толғанбайды. Оның аузынан айтылған, қаламымен жазылған туынды бұқара халықтың рухани қажеттілігін өтейтіндігін естен шығармағанымыз абзал.

«Газет — әдеби тілдің бірінші баспалдағы. Барлық өнегелілік пен шеберліктің шыңдалып, таралатын жері де осы. Сондықтан осы баспалдақтың тазалығын сақтау үшін журналистер қауымы қажымай-талмай тынымсыз еңбек ете білулері керек. Әрбір сөзге екі шоқып, бір қарауға машықтану қажет. Қасиетті ана тіліне немқұрайды қарап, бейберекет қылуға ешкімге право берілмеген» [3].

Осылай деп ой толғаған тілші-ғалымдар пікіріне жүгіне отырып, қазіргі БАҚ-тағы тіл (сөз) мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей мәселелерді ескерген жөн.

Бірінші, журналистика мамандығын қалаушы жас талапкерлерді оқуға қабылдау барысында олардың жазу шеберлігі мен сөйлеу мәдениетіне барынша назар аудару қажет. (Бұл жерде шығарма жаздырып, газет бетіне жарияланған бірді-екілі мақаласына қарап, болашағынан «зор үміт» күтудің қажеті жоқ. Шығарманың мазмұнымен қатар тілдік-стильдік ерекшелігіне баса назар аударып отырып, талапкердің сөздік қор, тіл байлығына тереңірек мән берілуі керек).

Екіншіден, кейінгі кездері журналистика мамандығын даярлау барысында мемлекеттік стандартта көрсетілмеген деген желеумен оқу бағдарламасынан алынып тасталған «Журналистің сөйлеу мәдениеті», «Шеберлікке баулу», «Мамандандыру» сияқты тағы да тілге, стильге, сөйлеу, жазу шеберліктеріне қатысты пәндерді толықтырып, қайта кіргізу қажет. (Себебі бұрындары

«Радиохабарлар тіл стилі», «Телехабарлар тіл-стилі», «Мерзімді баспасөз тіл-стилі» жеке-жеке пән ретінде өткізілетін. Бұлай өткізу болашақ журналиске БАҚ-тың әр саласы бойынша еркін дайындалып, аталмыш мамандықтың өзіндік ерекшеліктеріне сай сөйлеу, жазу машықтарын меңгеруіне кең мүмкіндіктер беретін).

Үшіншіден, арнаулы орта мектептерде 10–11 сынып оқушыларын журналистік мамандыққа баулитын факультативтер ашылса. (Бұл, әрине, біраз мектептерде бар болғанымен, тұтастай дәстүрге айналған жоқ. Өйткені журналистика әліппесімен мектеп қабырғасында жүріп танысқан талапкерлердің мамандықты игеру барысында көп қинала қоймайтыны белгілі).

Ұлттық журналистика мамандарын даярлау барысында біршама тәжірибелерді байқай отырып, көз жеткізген анық бір мәселе — жас талапкердің сөйлеу (жазу) мәдениеті отбасы, балабақша, мектептен қалыптасып, дамып жетілетіндігі. Бай ауыз әдебиетіміздің інжу-маржандары аңыз-әфсана, ертегі-әңгіме, жыр-дастандарымен сусындап өскен жеткіншектің көкірегі күмбірлеп, сөз әлемінде киналмай еркін қанат қағатындығы. Әйтпесе қазіргі алмағайып заманда кекілі күнге күймей, табаны жерге тимей тас еденде ойнап өскен ұрпақтың сөзі де, ойы да жұтаң болатындығын уақыт көрсетіп отыр.

Кез келген журналист тіл мәдениетін сақтауы керек. Әдеби тіл сөйлеу тілінен нәрленсе, баспасөз тілі сөйлеу тіліне әсер етеді. Баспасөз тілінің дәрежесі әдеби тілдің де, сөйлеу тілінің де сапасының өлшемі. Сондықтан журналистер тілдік қорды байыту үшін көркем әдебиетті көбірек оқып, тіл тазалығы мен ой дәлдігін үйренуі керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің профессоры Клара Қабылғазина осындай қажеттіліктердің бірнешеуін атайды: «1. Тіл қасаңдығынан арылу; 2. Әсіре сөзге құмарлықтан арылу; 3. Талғамды, талап қойғыш болу; 4. Деректі зерделеу; 5. Білімділік қажет; 6. Ақыл айту тенденциясынан алшақтау; 7. Ақпараттық тәуелсіздік қажет; 8. Адам, қоғамдық болмыстар жайлы әңгіме қозғай отырып, атақты, танымал адамдардың сол жайлы пікірлерін қысқарту етіп, жүгіртпе жолдармен беріп отырса, қосымша деректермен толыға түсер еді» [4].

«Сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік тіл мәдениеті дегенге енеді» [5; 3]. Қазақ тіл білімінің зертеушілері М.Балақаев, М.Серғалиевтар «тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін кемшіліктер: орфографиялық, орфоэпиялық, стильдік қателер», дейді.

Халықты тіл мәдениетіне үйрететін баспасөзге аса жауапты міндеттер жүктеледі. Баспасөз әдеби тілді дамытуға, тіл мәдениетін арттыруға елеулі үлес қосып келе жатыр. Алайда кейде баспасөз беттерінде тіл мәдениетіне нұқсан келтіретін жайттар байқалып жүр. Сондықтан сөйлеуде, жазуда кездесетін кемшіліктерді дер кезінде түзету керек деп есептейміз.

«Тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек» [5; 66].

Бүгінгі күндері телеарналарда ауызша әдеби сөйлеу тілінің нормаларына жатпайтын, құлаққа жағымсыз естілетін бейпіл сөздер арақидік ұшырасады. Академик М.С.Серғалиев оларды «былапыт», «қоқырсық» сөздер деп атайды [6].

Бұқаралық коммуникацияда сөздің сөйлеу тіліне, қарапайым сөйлеу тілінің мән-мағынасына жете көңіл бөлмегендіктен, елеп ескермегендіктен, сөз арасы бейәдеби сөздермен араласып, алақұлалық көбейіп бара жатқаны байқалады, мысалы: *мүлдем қақпайды, пысқырып қарамайды, тырқыратып қуалау* т.б. [7].

Телехабар тілінде, әсіресе қорытынды жаңалықтар легін тарату кезінде тележурналист сөз мәдениетінің этикалық нормаларына жатпайтын сөздерді, сөз тіркестерін қолданбауы тиіс. Бұл, біріншіден, тележурналистің, сол арнаның тіл мәдениеті деңгейінің төмендігін көрсетеді. Демек, бұл телеарнаның қоғам алдындағы өз қызметін, қызмет этикасын сақтамай отырғандығын білдіреді. Екіншіден, телехабарлардағы бейәдеби сөздерді көрермен дұрыс қабылдамайды, олардың құлағына жағымсыз естіледі. Ал тілді білмейтін, тілді енді үйреніп келе жатқан адам қате қолданысты сол күйінде қабылдап алады. Соның салдарынан бұқаралық қарым-қатынастағы коммуникативтік норма сақталмайды. Мұндайда тележурналист коммуникативтік тұлға дәрежесіне жетті деп айтуға болмайды [8; 103].

Республикалық БАҚ еліміздің барлық аймағына таратылады. Сондықтан оқырмандар, телекөрермендер, тыңдармандар журналист қолданысындағы диалект сөздерді түсінбей қалуы мүмкін. «Диалект» деген термин тілде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ,

территорияны білдіреді. Ол жалпы тілге тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды» [9] Осыған байланысты журналистер өз сөздерінде жалпы халыққа түсінікті әдеби тілдің үлгілерін қолданулары керек.

Диалект сөздер аймақтық, жергілікті БАҚ-та кездесуі мүмкін. Ол диалектизмдерді сол аймақтың тұрғындары қиналмай түсінеді. Мұндайда бұқаралық коммуникация өз мақсатына жетті деп айтуға болады. Себебі адресант та, адресат та бір-бірін қиналмай түсінді. Ал республикалық масштабтағы телеарналарда қызмет ететін тележүргізушілер мен арнаулы репортаж жасайтын тележурналистер белгілі бір аймаққа ғана түсінікті диалектизмдерді қолданбауы тиіс. Өйткені көрермен тележурналистің айтқан сөзін түсіне алмай қалғандықтан, бұқаралық қарым-қатынас толық орындалмай қалады. Соған қарамастан белгілі бір аймақта арнаулы репортаж жасаған тележурналист сұхбат алған кезде, сол жердің тұрғындары диалектизмдерді өз сөздерінде қолданып жатады. Мәселен, «Сөйтіп, көп жұмыстар істеп, мына жетпіс бес үй соғып, елді көшіріп, біраз қиындықтар болды» («Жеті күн», 14.10.2005). Мысалдан көріп отырғанымыздай, әдеби тілдегі «салып» сөзі жергілікті халық тілінде «соғып» түрінде қолданылады екен. Диалектизмдердің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық өзгешеліктерінің болатыны белгілі, бұл жерде «соғып» сөзі «салып» сөзінің фонетикалық өзгерістерге ұшыраған диалектілік нұсқасы болып табылады. Бұл жерде диалект сөз сол аймақтың сұхбат беруші жергілікті тұрғынының тілінде берілген. Егер бұл диалект сөз тележурналист тілінде кездессе, онда ол үлкен қате болар еді. Себебі тележурналист тіл мәдениетінің негізгі сапалық белгілерін меңгерген, әдеби тіл нормаларын сақтап тіл қататын білікті әрі үлгілі маман болуға тиіс. Өйткені бүгінгі Қазақстандағы қазіргі қазақ тілі телехабарлар тілінен көрінеді. Сондықтан, тележурналистер үнемі ізденіс үстінде жүруі керек. Қоғамда болып жатқан жаңалықтар бойынша жан-жақты ақпарат алып қана қоймай, тіл саласындағы өзгерістерді, жаңалықтарды игеруі тиіс. Тележурналист — қоғам мен тіл арасындағы қарым-қатынасты реттеуші алтын көпір [8; 106].

Д. Бисмильдина «Ресми телехабарлар тілі» атты еңбегінде теледидардағы дикторлар мен арнаулы репортаж жасайтын тілші-журналистерге мынадай талаптар қояды:

«Біріншіден, барлық стильдің сөздік құрамы бірдей емес, сондықтан сөйлеу кезінде адам өзіне керекті сөздердің стильдік ерекшеліктерін ескеру керек. Телехабарлар көпшілікке арналғандықтан, онда қолданылатын сөздер де аса қасаң, не тым әсіре қызыл сөзбен көмкерілмей, жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс, яғни тележурналист пен көрермен арасында түсінікті, сенімді әріптестік байланыс орнауы керек. Газет оқырманы өзіне түсініксіз мәтіндерді қайталап оқуына болады. Ал теледидар хабарларын қабылдаудың ерекшелігі көрермен өзі көрген көріністерге қайта орала алмайды. Осыдан келіп әрбір сөз, сөйлем анық, түсінікті, қарапайым ойларға құрылғаны дұрыс.

Екіншіден, сөйлемнің құрылысын күрелендірудің қажеті жоқ, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, қиын тіркестер, айтылуы қиын сөздер экрандағы қас-қағым сәтте қабылдауды, түсінуді қиындатады. Экранда өтіп жатқан жеңіл көріністер мен ойлар арасындағы жымдаса байланысқан тіркестер ғана ұғынықты әрі тез қабылданады. Тележурналист әдеби тіл нормаларынан жөнсіз ауытқып, қазақ тілінің заңдылықтарын аяққа басуға тиісті емес.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің жұмсалып аясы да әр алуан. Тіл мәдениетіне жетік болу үшін, қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін, олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу қажет. Тележурналист өз сөзінде бейпіл сөздер мен диалект сөздерді қолданса, онда ол сөз шеберлігін аяққа басқан болады. Айқын ойдың көріктілеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді. Сондықтан да бұлдыр ойдан туған сөзде де алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Ондайдан аулақ болу үшін редакциялау кезінде сөз саптауға баса көңіл аударып, жазылғандарды бірнеше рет түзетіп, әрбір сөйлемді, сөз тіркестерін мұқият өңдеу қажет [8; 26].

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Нұрғалиев Р.* Өнер алды қызыл тіл. — Алматы: Мектеп, 1974. — 172 б.
- 2 *Нұрмұқанов Х.* Сөз және шеберлік. — Алматы: Ғылым, 1987. — 288 б.
- 3 *Жазушы және сөз мәдениеті / Ред. Р.Ф. Сыздықова.* — Алматы: Ғылым, 1983. — 151 б.
- 4 *Қабылғазы К.* Журналист шеберлігін қалыптастыру жолдары: Оқу құралы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2012. — 185 б.

- 5 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. — Алматы: Зият Пресс, 2006. — 139 б.
- 6 Серғалиев М.С. Телехабарлар тілінің лексикасы және тіл мәдениеті // Қазақ терминологиясы және тіл мәдениетінің мәселелері: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Астана, 2004. — 114-б.
- 7 Әбдіжәділқызы Ж. Тағы да тіл мәдениеті туралы // Журналист. — 2005. — № 3 (28). — 221-б.
- 8 Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі. — Астана: 1С-Сервис, 2010. — 119 б.
- 9 Нақысбеков Ш.О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. — Алматы: Ғылым, 1989. — 4-б.

К.Д.Асанов, Ж.Ж.Еркін

Овладение искусством речи — основная задача будущих журналистов

В статье отражены основы изучения теоретической и практической профессиональной подготовки ораторского искусства будущих журналистов. Приведены конкретные примеры навыков устной и письменной речи журналистов в СМИ сегодня, сделаны научные суждения о важности искусства слова (языка). Авторами предложены лингвистические структуры письменного языка (пресса) и разговорного языка (ТВ и радио), определена степень их необходимости для будущих журналистов.

K.D.Asanov, Zh.Zh.Erkin

Mastering the art of speech — is the main task of future journalists

The paper includes the study of the oratorical and practical training of future journalists oratory. Specific examples of the skills of oral and written language journalists in the media today, to make scientific judgments of the importance of art words (language). The paper discusses the linguistic structure of written language (press) and spoken language (TV and radio), determined by their importance for future journalists.

References

- 1 Nurgaliyev R. *The Language Arts*, Almaty: Mektep, 1974, 172 p.
- 2 Nurmukhanov Kh. *The word and the master*, Almaty: Gylim, 1987, 288 p.
- 3 *The writer and the word culture*, Edit. R.Ĝ.Syzdykova, Almaty: Gylim, 1983, 151 p.
- 4 Kabilgayzy C. *Ways to formation the skill of a journalist*: Textbook, Almaty: Kazakh University, 2012, 185 p.
- 5 Balakaev M., Sergaliev M. *Kazakh language culture*, Almaty: Intellectual Press, 2006, 139 p.
- 6 Sergaliyev M.S. *Kazakh terminology issues of language and culture*: Proceedings of the Republican Scientific and Practical Conference, Astana, 2004, p. 114.
- 7 Abdizhadilkyzy Zh. *Journalist*, 2005, 3 (28), p. 221.
- 8 Bismildina D. *The official language of television*, Astana: 1C-Service, 2010, 119 p.
- 9 Nakysbekov Sh.O. *Regional Kazakh language vocabulary*, Almaty: Gylim, 1989, p. 4.